

**Заңды тұлғаға брокерлік қызмет көрсету (номиналды ұстау)
туралы шартқа (үлгілік) қосылу туралы
ШАРТ**

Қазақстан Республикасы, _____ қ. 20 ____ ж. « ____ » _____

«Фридом Финанс» акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Брокер» деп аталады (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2018 жылғы 2 қазандағы No 3.2.238/15 бағалы қағаздар нарығында номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар брокерлік және дилерлік қызметін жүзеге асыруға лицензиясы; Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 04.02.2020 жылғы № 4.3.12 шетел валютасында банк операцияларын жүргізуге лицензиясы негізінде іс-қимыл жасайды, _____ негізінде _____ іс-қимыл жасайды, бір жағынан, және _____ (атауы), _____ жылғы № _____ Мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама/күәлік, _____ берді), БСН _____, бұдан әрі «Клиент» деп аталады, төмендегілер туралы осы Шартты жасады:

- Брокер **Заңды тұлғаға брокерлік қызмет көрсету (номиналды ұстау) туралы шартқа (үлгілік) қосылу туралы шарт**, бұдан әрі «Негізгі шарт», негізінде номиналды ұстау арқылы брокерлік қызмет көрсетеді. Негізгі шарт Брокердің интернет-ресурсында орналастырылған. Брокер Қосылу туралы шартқа қол қойғанға дейін Клиентті Негізгі шарттың және Брокерлік және дилерлік қызмет регламентінің /бұдан әрі – Регламент/ мәтінімен таныстырады.
- Клиент Қосылу туралы осы шартқа қол қоя отырып, Брокердің Клиенті ретінде Негізгі шартқа қосылады.
- Клиент Негізгі шарттың және Регламенттің мәтінімен танысып шықты және келіседі.
- Клиент пен Брокер Негізгі шарттың және Регламенттің талаптарын орындауға міндеттенеді.
- Клиент Клиентті Брокердің Сауда платформасында Брокердің Клиенті ретінде серпінді сәйкестендіру мақсаттары үшін мынадай ақпаратты ұсынады:

Ұялы телефон нөмірі	
Абоненттің аты-жөні мен лауазымы, ұялы телефонның нөмірі	

Клиент үшінші тұлғалар тарапынан көрсетілген ұялы телефон нөмірін заңсыз пайдаланудың сақталуына және болмауына, сондай-ақ телефон нөмірі мен абонент туралы мәліметтерді өзгерту қажеттілігі туралы Брокерді уақтылы хабардар етуге кепілдік береді.

- Клиент мыналарға:
 - дербес деректерінің жиналуына, өңделуіне, сақталуына және таратылуына, оның ішінде дербес деректерінің сауда-саттықты ұйымдастырушыларға, депозитарийлерге, кастодиандарға, Брокердің үлестес тұлғаларына және өзге де үшінші тұлғаларға берілуіне, дербес деректерінің, оның ішінде Брокердің қызметін жүзеге асыру, оның ішінде Клиентке брокерлік қызмет көрсету үшін барабар қорғау дәрежесі бар юрисдикциялар тізіміне кірмейтін шет мемлекеттердің аумағына қажетті трансшекаралық берілуіне;
 - Брокердің үлестес тұлғаларына және өзге де үшінші тұлғаларға бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны және заңмен қорғалатын өзге де құпияны беру ақпараттық технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты іске асыру және заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін қолданылатын құқық талаптарын ескере отырып, ақпараттық активтерді интеграциялау мақсатында қажет болған жағдайларда, осындай мәліметтердің жария етілуіне келісімімді беремін.
- Клиентке мыналар:
 - дербес деректердің жиналуына және өңделуіне, сондай-ақ осы өтініш шеңберінде мәліметтердің жария етілуіне келісімнің қолданыс мерзімі Негізгі шарттың қолданылу мерзіміне сәйкес келетіні;
 - жиналатын дербес деректер мен жария етілетін мәліметтердің жалпыға қолжетімді дереккөздерде жариялауға арналмағаны;
 - жиналатын дербес деректердің өзекті тізімі және оларды өңдеу мақсаттары Брокердің ресми интернет-ресурсында орналастырылған «Дербес деректерді өңдеу саясаты» құжатында көрсетілгені туралы хабарлады.
- Клиент Клиенттің сауалнамасында көрсетілген, Брокердің ішкі құжаттарына сәйкес ұсынылған мәліметтердің дәйектілігін, толықтығын және дұрыстығын растайды.
- Клиент Брокердің комиссиялық сыйақысын және Брокердің интернет-ресурсында орналастырылған, Брокердің таңдалған _____ үлгілік тарифінде көзделген өзге де шығысты төлеуге міндеттенеді.

«Фридом Финанс» АҚ (БСН 061140003010)

Басқарма шешімімен бекітілген

(2025 жылғы 06 қараша № 11/06 отырыс хаттама)

10. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Брокер Негізгі шартқа, Брокердің Тарифтеріне және Регламентке өзгерістер мен/немесе толықтырулар енгізуге құқылы. Бұл ретте Брокер осындай өзгерістер мен/немесе толықтыруларды өзінің интернет-ресурсында орналастыру арқылы олар туралы Клиентке Негізгі шартқа, Брокердің тарифтеріне және Регламентке өзгерістер және/немесе толықтырулар қолданысқан енгізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 15 күн бұрын хабарлауға міндетті. Клиент Негізгі шартқа, Брокердің тарифтеріне және Регламентке енгізілетін өзгерістермен және/немесе толықтырулармен келіспеуге құқылы, сол үшін Брокерге енгізілетін өзгерістер мен/немесе толықтырулар туралы хабарлаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер мен/немесе толықтырулардан жазбаша (қол қойылған) бас тарту жібереді. Бұл ретте Брокерлік қызмет көрсету туралы шарт Клиенттің біржақты тәртіппен бас тартуы негізінде бұзылған болып саналады.

11. Осы Шарттың бұзылуы Негізгі шарттың бұзылуына әкеледі.

12. Егер Клиенттен Негізгі шартқа және Регламентке өзгерістер мен/немесе толықтырулардан бас тарту Брокерге хабарлаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні өткеннен кейін келіп түспеген жағдайда, онда Клиент Негізгі шартқа және Регламентке өзгерістер мен/немесе толықтыруларды қабылдаған болып саналады.

13. Осы Шарттың қолданыс мерзімі Негізгі шарттың қолданыс мерзімімен бірдей.

ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ, ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛДАРЫ

БРОКЕР: «Фридом Финанс» АҚ

КЛИЕНТ: _____

Мекенжайы: 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Esentai Tower» БО, 3-қабат
БИН 061140003010

Орналасқан мекенжайы: _____

www: <http://almaty-ffin.kz/>

E-mail: Info@ffin.kz

БСН: _____

жсқ:

_____/_____

МО

БЕК _____

Тел., e-mail:

_____/_____

МО